

толқу жағдайында жұмыс істеуге мүмкіндік береді. (жұмыс уақыт коэффициенті 25% жоғары);

Формасы бойынша жұмысқа ыңғайлылығы, үлкен аудандылығы: (үлкен, ауыр жабдықтарды қоюға мүмкіндік береді); жоғарғы маневрлігі (әрбір тұлға өзінің жүріс винтімен жабдықталған). «Катамаран» кемесінің ұзындығы 79,2 м, ені 38,1 м, 6000 м тереңдік скважинаны бұрғылауға арналған (судың барлық тереңдігінде).

Өздігінен жүрмейтін бұрғылау қондырғыларының негіздерін бұрғылауға арналған (баржалар, плашкоуттар, шаландылар) ағаш плоттары ретінде құрады.

БК -нің технологиялық жабдықтары.

Бұрғылау кеме бұрғылау уақытында суасты саға жабдықтарына қатысты біршама орын ауыстырады. Бұрғылау тізбегінің вертикал орын ауыстыруын компенсациялау үшін тәл блок пен крюк (ілімек) арасында арнайы құрылғы – *компенсатор* орнатылады.

Кеменің горизонталь орын ауыстыруын компенсациялайтын арнайы құрылғыны – судан бөлетін тізбек немесе тұрық деп аталады, ол суасты жабдығы мен қондырғы палубасы арасында орналасады. Бұрғылау мұнарасы шайқалу, бұрғылау кездерінде қосымша динамикалық жүктемелерге сыналады.

Ұңғыны жуу, тазалау және бұрғылау ерітіндісі дайындау циркуляциялау жүйесін жабық түрде орындайды, өйткені ашық жағдайда жұмыс қиындайды. Кемеде технологиялық жабдықтардың орналасуы жалпы кемеге қойылатын талаптарды бұзбай орындауға есеппен жүргізіледі.

Геометриялық және энергетикалық параметрлері әлде қайда төмен бұрғылау катомаран кемелерінің ішінде отандық “ Геолог-1” және “Геолог Приморья” катомарандарын атап өтуге болады. Олардың техникалық сипаттамалары төменде келтірілген.

“Геолог -1”, «Геолог Приморья»

Сукешүші,т	330	791
Ұзындығы,м	24	35,1
Ені,м	14	18,2
Жүнсіз тұнбасы,м	1,5	3,26
Суүсті бортының биіктігі,м	1,7	4,47

Дизель генераторының қуаты, кВт:

басты.....	2x106,7	2x225
көмекші	2 × 50	2 × 50
жүріс жылдамдығы.....	8	9
теңізжүрісі, балл.....	6	8
Жұмыстың шарты:		
жағадан алшақтығы, км.....	3-ке дейін	3600-ға дейін
теңіздің минималдық тереңдігі,м.....	2	5
теңіз толқыны, балл.....	3	4